



АТА-АНАЛАРҒА ҰСЫНЫС



Г.Қ.Сайранова



ОҚУШЫ



МҰҒАЛІМ

АТА-АНА



Laliko's Creations

Тақырыбы:


**«Баланың сәтті
оқуына ата -ананың
қолғабысы»**

Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз.
Н.Ә.Назарбаев



*Балаңыздың қуана мектепке баруы үшін не істеуге болады?
(Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары)*

- *Мектеп туралы жаман айтпаңыз,*
- *Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз.*
- *Бала тапсырмаларға, мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыныңызды көрсін.*
- *Өзіңіз оқыңыз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.*
- *Компьютерлік ойында ойнауды бала күнінде 20 минуттан асырмауы тиіс.*

- 
- *Мектеп пен сынып өміріне үнемі белсенділік танытыңыз.*
 - *Балаға оның мектебінің сіздің өміріңіздің маңызды бөлігіне айналуы жақсы әсер етеді.*
 - *Мектепте сіздің балаңыз өзіне деген өте жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін. Және де барлығы әрқашан іске аса бермейді. Осы сәтте балаға өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмектесіңіз.*
 - *Кейде бала барлық мектептік жағымсыз жағдайларды жүректеріне жақын қабылдап қалуы мүмкін.*
 - *Әркез оған ненің маңызды, ненің аса маңызсыз екенін үйретіңіз.*

- Балаңызға ұрыссаңыз, «сен әрқашан», «сен мүлдем», «әркез сен» деген сөздерді қолданудан аулақ болыңыз...
- Негізінде сіздің балаңыз әрқашан жақсы, тек бүгін ғана бір нәрсені дұрыс істемеді. Осы туралы оған айтыңыз.
- Әдетте бала жаман қылық істегенде ол ұялу сезімін бастан кешіреді. Ал сіз оны жазалағанда, оның ұялу сезімі өшеді. Ал бұл қауіпті.




Жағдаяттарды шешу:



1-ші жағдаят	Баланың бастан кешкен сезімі	Сіздің іс- әрекетіңіз?
Бір нәрсеге ашулы 11 жасар ұлы мектептен келе сала: «Құрысын мектеп! Мұғалімдердің бәрі әділетсіз!» деп күйіп піседі.		

2-ші жағдаят	Баланың бастан кешкен сезімі	Сіздің іс- әрекетіңіз?
1- сыныпта оқитын қызы: «Математикадан болатын бақылау жұмысынан қорқамын» - дейді.		



1-жағдайда _____ баланың мектепке өкпесі зор. Ол шешесі тарапынан қолдау тапқысы келеді. Түсініп, жағдайын сұрар деп ойлайды.

2- жағдайда _____ бала өзіне сенімсіз, ата-анасынан қолдау күтеді. Ата-аналар тарапынан «Сен мүлде дайындалмайсың, сондықтан еңбегіне қарай аласың! » немесе «Бүгін шаршап тұрмын» деген жауаптар болмағаны жақсы, бұндай жауаптардан немқұрайлықты, салғырттықты сезеді.

• Кез келген шешімді қабылдауға асығыстық жасауға болмайды. Балаңыз сіздің оның ісіне немқұрайды қарамайтыңызды көретіндей, оны тыңдауға дайын екендігіңізді байқайтындай болсын.

• Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ата-ана қатты уайымдап, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Сөйтеді де баланың өзіне деген сенімі күрт жойылады, қолын қусырып, кездескен қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады.

Кіналі сөздер

1. Сенен ешқандай жақсылық шықпайды, нөлсің.
2. Неге сен басқа балалардай емессің?
3. Неменеге ұсқынсыз болып кеткенсің, шашың дудыраған, үстің кір-кір.
4. Тағы осылай істесең, менен таяқ жейтін боласың.
5. Сенің кесіріңнен өмірі жолымыз болмады.

Ата-аналар осы сөздерді былай алмастыруына болады:

1. «Сенің де қолын өмірде бір нәрсеге жететініне сенгім келеді. Оқу озаты немесе оқу екпіндісі боласың» - деп, үміт артуы керек.
2. «Сенің де басқалардан өзгеше болуына құқын бар, сенің де қолыңнан келеді» - деп, сенім артуы керек.
- 3.«Үстіңді ретке келтір, шашыңды тара, киіміңді ауыстыр » - деп, баланың өзін жақсы сезінуіне көмектесу керек.



4. «Біз саған қиыншылықты жеңуге көмектесеміз, екіншілей жаман қылық жасама».

5. «Үлкендердің өмір жолында болып жатқан ыңғайсыз жағдайларға сен кінәлі емессің. Сенің болашағың алда, үлкен ғалым боласың, жақсы дәрігер, білімді ұстаз болуды арманда » және ата-анасын сыйлау керек екенін айтып отыру керек.

Міне, осындай біз көңіл аударма бермейтін қарапайым нәрсенің өзі немесе ойланбай айтылған ұрыс сөзі де баланың жанын ауыртуы мүмкін, өмір сүру ағынын өзгертуі де зажап емес.



***Кез келген мәселені шешуге болады.
Тек төзімді және шыдамды бол.***





Бала - көңіл қуанышы, өмірдің жалғасы.

Бала - адамның бауыр еті



Баланың көзі қашан да қарапайым ғана,
бірақ мәңгілік ғажайыпты күтеді



***Балалар жылдам бақытқа кенеледі,
өйткені баланың өзі табиғатынан
бақыт пен қуаныш әкеледі.***







**Отбасы – адам баласының өсіп-
өнер алтын ұясы.**



Әрдайым жақындарыңмен бірге болып, бір-бірін бағалап, әрдайым түсіністікпен өмір сүре білу қажет.

Сіз қандай ата – анасыз?



Жауабы:

Әрқашан жасаймын, келісемін – 3 балл.

Кейде ғана келісемін – 2 балл.

Келіспеймін – 1 балл.



Сауалнаманы бағалау:

0-16 балл. Бала тәрбиесі – сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

16-30 балл. Балаға қамқорлық жасау - бірінші кезектегі маңызды іс.

Сіздің бойыңызда тәрбиешілік қабілет бар, бірақ тәжірибеде әрқашан бір қалыпты бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.

30-39 балл. Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.



Әр күніңді жымыюдан баста. Сонда өз-өзіңе жақсы көңіл-күй сыйлайсың.




**Әлемдегі барлық гүлдер тек сіздерге
арналады. Өйткені сіздер соған
тұрарлықсыздар.**





*Сәтті күн
болсын,
құрметті ата -
аналар!*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**

**ӘРҚАШАН КҮНДЕЙ
ЖАРҚЫРАЙ
БЕРІҢІЗДЕР!**

